

**«8D01702 – Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
Набиева Айжан Болатовнаның
«Web 2.0 технологияларын қолдану арқылы болашақ ағылшын тілі
мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін
қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясы бойынша**

АҢДАТПА

Зерттеудің өзектілігі. Зерттеудің өзектілігі жаһандану және білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайында шет тілінде тиімді әрі орынды қарым-қатынасты қамтамасыз ете алатын педагогикалық кадрларды даярлау қажеттілігімен айқындалады. Қазіргі өзара тығыз байланысқан әлемде болашақ мұғалімдердің шет тілін сәтті меңгеруі тек лингвистикалық біліммен шектелмей, әртүрлі әлеуметтік-мәдени және кәсіби тұрғыдан маңызды педагогикалық мәнмәтіндерде тілдік құралдарды орынды қолдануды қамтамасыз ететін прагматикалық құзыреттіліктің қалыптасуын көздейді.

Зерттеудің маңыздылығы бірқатар факторлармен негізделеді. Біріншіден, болашақ шет тілі мұғалімдерін даярлау контексінде оқыту парадигмасының грамматикалық-бағдарланған модельден нақты коммуникативтік міндеттерді орындауға бағытталған коммуникативтік оқытуға көшуі ерекше маңызға ие. Аталған өзгеріс екінші тілді оқыту теориясы аясында дербес ғылыми бағыт ретінде тіларалық прагматикаға (interlanguage pragmatics, ILP) деген ғылыми қызығушылықтың артуына себеп болды. Тіларалық прагматика ана тілі емес тіл иелерінің шет тілінде сөйлеу актілерін меңгеру және қолдану үдерістерін, сондай-ақ олардың әлеуметтік-мәдени тұрғыдан орынды жүзеге асырылу деңгейін зерттейді. Көптеген ғылыми зерттеулердің нәтижелері грамматикалық тұрғыдан дұрыс құрылған айтылымдардың өзі әлеуметтік-мәдени мәнмәтінді елемеу салдарынан коммуникативтік сәтсіздіктерге алып келуі мүмкін екенін көрсетеді, бұл «прагматикалық сәтсіздік» феноменімен түсіндіріледі. Сәйкесінше, сөйлеу актілерін сәтті жүзеге асыру тек тілдік құралдарды меңгерумен ғана шектелмей, нақты коммуникативтік жағдаятқа, қарым-қатынас мақсаттарына және сыпайылық нормаларына сәйкес тілді орынды қолдану іскерліктерінің қалыптасуын талап етеді. Бұл болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби даярлығының түбегейлі маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Екіншіден, халықаралық білім беру стандарттары мен кәсіби нормативтік құжаттар прагматикалық құзыреттілікті шет тілдік коммуникативтік құзыреттіліктің және шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың негізгі құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Жалпыеуропалық тілдік құзыреттерге (CEFR) сәйкес прагматикалық құзыреттілік коммуникативтік құзыреттіліктің дербес субқұзыреті болып табылады және нақты коммуникативтік жағдаятта тиімді тұлғаралық әрекеттесуді қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған ұқсас, TESOL, ACTFL және CAEP стандарттары білікті шетел тілі мұғалімінің

прагматикалық құзыреттілікке ие болуы және әртүрлі әлеуметтік-мәдени жағдайларда орынды әрі тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін көрсетуі тиіс деген талапты бекітеді. Шетел тілдері мұғалімдерін даярлаудың Еуропалық профилінде де педагогтың білім алушыларда оқытылатын тілді әртүрлі мәдени және коммуникативтік жағдайларда орынды әрі мәнмәтінге сай қолдану қабілетін қалыптастырудағы жауапкершілігі ерекше атап өтіледі.

Үшіншіден, қазақстандық EFL контекстінде тіларалық прагматика мәселелері, әсіресе ағылшын тілін оқыту әдістемесі саласында, әлі де жеткіліксіз зерттелген және грамматика мен лексика сияқты тілдік білімнің басқа аспектілерімен салыстырғанда шетел тілін оқыту тәжірибесіне толық енгізілмеген. Прагматикалық құзыреттіліктің жекелеген компоненттері білім беру саласындағы мемлекеттік реформалар мен стратегиялық құжаттарда көрініс тапқанына қарамастан, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау үдерісінде оны жүйелі әрі мақсатты түрде қалыптастыру кеңінен жүзеге асырылмай отыр.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарында халықаралық және мәдениетаралық мәнмәтіндерде тиімді коммуникацияға қабілетті мұғалімдерді даярлау қажеттілігі айқын атап көрсетіледі. «Қазақстан-2050» стратегиясында адами капиталды дамыту, білім сапасын арттыру және жаһандық бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау ұлттық дамудың басым бағыттары ретінде айқындалады. Аталған талаптар «Педагог» кәсіби стандартында (Білім беру 4.0) нақты көрініс тауып, онда тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету, білім алушылардың тілдік құзыреттерін дамыту, жаһандық мәдени және тілдік әртүрлілікті құрметтеу, сондай-ақ кәсіби әрі әлеуметтік-мәдени нормаларға сәйкес өзара әрекеттесуді реттеу міндетті кәсіби талаптар ретінде бекітілген.

Бұл талаптардың жиынтығы шет тілдік прагматикалық құзыреттілікті қалыптастырумен тікелей байланысты, себебі аталған құзыреттілік коммуникативтік ниеттерді дұрыс интерпретациялауды, өзара әрекеттесудің әлеуметтік-мәдени және жағдаяттық параметрлерін ескеруді, сондай-ақ нақты коммуникативтік мәнмәтінге сай тілдік құралдарды саналы түрде тандай білуді қамтамасыз етеді. Осы тұрғыда педагог тек тілдік білімді жеткізуші ғана емес, сонымен қатар көптілді және көпмәдениетті білім беру ортасында орынды қарым-қатынасты жүзеге асыратын делдал ретінде қарастырылады.

Зерттеудің өзектілігі білім беруді цифрландыру үдерістерімен де айқындалады. Нормативтік құжаттар мен мемлекеттік стратегияларда білім беру үдерісіне технологияларды интеграциялау және цифрлық ортада тиімді жұмыс істей алатын мамандарды даярлау қажеттілігі атап көрсетіледі. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында (2023 ж.) жаһандану жағдайында және білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне ықпалдасуы аясында заманауи цифрлық технологияларды меңгерген әрі тиімді халықаралық коммуникацияға қабілетті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған әлеуметтік сұраныс айқын көрсетілген. Бұл стратегиялық бағыт 2025 жылғы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан» атты Жолдауда одан әрі жалғасын тауып,

онда цифрлық трансформация мен жасанды интеллект технологияларын интеграциялау білім беру жүйесін жаңғыртудың негізгі факторлары ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасының жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында университеттердің смарт-университет моделіне көшуі және цифрлық технологияларды білім беру үдерісіне интеграциялау басым бағыттардың бірі ретінде белгіленген. Осындай жағдайда Web 2.0 технологиялары оқытудың аутенттілігін, интерактивтілігін және рефлексивтілігін қамтамасыз ететін құрал ретінде қарастырылып, шет тілдік прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыруға қосымша мүмкіндіктер туғызады

Алайда, халықаралық ғылыми тәжірибемен салыстырғанда, қазақстандық EFL контекстінде прагматикалық субқұзыреттілік бүгінгі күнге дейін жеткілікті деңгейде теориялық тұрғыда жүйеленбеген және болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін кәсіби даярлаудың жүйелі түрде жүзеге асырылатын құрамдас бөлігі ретінде орныға қойған жоқ. Бұл жағдай болашақ мұғалімдердің әртүрлі әлеуметтік-мәдени мәнмәтіндерде орынды және тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ету қабілетін шектейді.

Осыған байланысты зерттеу тақырыбының өзектілігі келесі **қарама-қайшылықтармен** айқындалады:

- көптілді және көпмәдениетті ортада табысты қарым-қатынасқа дайын әрі қабілетті жаңа буын мұғалімдерін даярлауға деген әлеуметтік сұраныс пен жоғары педагогикалық білім беру мазмұнында тілдік құралдарды әртүрлі әлеуметтік-мәдени жағдаяттарда орынды қолдануды қамтамасыз ететін коммуникативтік құзыреттіліктің прагматикалық компонентіне жеткіліксіз назар аударылуы арасында;

- оқытушылардың прагматиканы меңгеруге және оқытуға деген қызығушылығының артуы мен тиісті әдістемелік тәсілдер мен оқу-дидактикалық материалдардың жеткілікті деңгейде әзірленбеуі арасында;

- шет тілдік прагматикалық құзыреттілікті қалыптастырудың тиімділігін арттыруға бағытталған Web 2.0 технологияларының жоғары әлеуеті мен оларды шетел тілі оқытушыларын кәсіби даярлау үдерісіне жүйелі түрде интеграциялаудың болмауы арасында.

Анықталған қарама-қайшылықтар **зерттеудің ғылыми-практикалық мәселесін** шешу қажеттілігін айқындайды. Бұл мәселе білім беру үдерісіне Web 2.0 технологияларын жүйелі түрде интеграциялау негізінде болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық тұрғыдан негізделген және эмпирикалық тұрғыдан тексерілген моделінің болмауымен байланысты. Аталған мәселені шешу диссертациялық зерттеу тақырыбын айқындайды: «Web 2.0 технологияларын қолдану арқылы болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру».

Зерттеу нысаны: болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық үдерісі.

Зерттеу пәні: Web 2.0 технологияларын қолдану арқылы шет тілдік прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыру моделі.

Зерттеудің мақсаты Web 2.0 технологияларын қолдана отырып, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделін ғылыми тұрғыдан негіздеу, әзірлеу және оның тиімділігін тәжірибелік тұрғыдан тексеру болып табылады.

Зерттеудің ғылыми болжамы:

Егер болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау үдерісіндегі дидактикалық шешімдер шет тілдік прагматикалық құзыреттіліктің мәнін және компоненттік құрамын ескере отырып оны қалыптастыруға, сондай-ақ Web 2.0 технологияларының әлеуетін пайдалануға бағдарланатын болса, онда болашақ шетел тілі мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделін әзірлеу және іске асыру оның қалыптасу деңгейінің артуына ықпал етеді, өйткені Web 2.0 технологиялары оқытудың аутенттілігін, интерактивтілігін және рефлексивтілігін қамтамасыз етіп, әртүрлі әлеуметтік-мәдени мәнмәтіндерде прагматикалық тұрғыдан орынды шет тілдік қарым-қатынасты саналы түрде меңгеруге қажетті педагогикалық жағдайлар жасайтындығымен түсіндіріледі.

Зерттеу міндеттері:

1. Болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау аясында «шет тілдік прагматикалық құзыреттілік» ұғымының авторлық анықтамасын теориялық тұрғыдан негіздеу және тұжырымдау, сондай-ақ оның мәнін, құрылымын және компоненттік құрамын айқындау;

2. Web 2.0 технологияларының шет тілдік прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыру үдерісіндегі лингвистикалық және дидактикалық әлеуетін айқындау;

3. Ұсынылған Web 2.0 технологияларын қолдана отырып, ағылшын тілінің болашақ мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделін әзірлеу және оны теориялық тұрғыдан негіздеу;

4. Ағылшын тілінің болашақ мұғалімдерін кәсіби даярлау жүйесінде Web 2.0 технологияларын қолдану арқылы шет тілдік прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыруға арналған әзірленген модельдің тиімділігін тексеру және дәлелдеу мақсатында педагогикалық эксперимент жүргізу.

Зерттеудің жетекші идеясы: болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру Web 2.0 технологияларын мақсатты түрде интеграциялау жағдайында тиімді болып табылады, бұл прагмалингвистикалық және әлеуметтік прагматикалық дағдыларды қазақстандық білім беру контексіне бейімделген аутентті цифрлық коммуникативтік ортада дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздерін

- Прагматика және тіларалық прагматика (ILP) саласындағы зерттеулер (Ч. Моррис, Ч. С. Пирс, Дж. Кац, С. Левинсон, Д. Кристал, Г. Каспер, Дж. Лич, Ш. Блум-Кулка, Дж. Мей, Дж. Томас, Г. Каспер, Э. Даль, Р. Шмидт, Н. Тагути және т. б.; сөйлеу актілері теориясы: Р. Лифер, М. Бирвиш, Р. Сталнекер; сыпайылық теориясы: П. Браун, С. Левинсон, Дж. Томас, М. Мартинес-Флор; байқау (Noticing) гипотезасы: Р. Шмидт; ынтымақтастық қағидалары (Cooperative Maxims): Г. Грайс);

- Шет тілін оқыту үдерісіндегі коммуникативтік құзыреттілік модельдерінде прагматикалық құзыреттіліктің рөлін қарастыратын зерттеулер (С.С. Құнанбаева, Д.Қ. Кулибаева, А.Т. Чакликова, Г. Шалшықбаева, А. Аймолдина, К. Карабаева, Г. Жуссубалина, Т. Тлеубердиев, А. Сейтхан, Қ. Қасымбекова, Ж. Жанысбекова, С. Сырлыбаева; сондай-ақ Д. Хаймс, М. Канале, М. Суэйн, Л. Ф. Бахман, Дж. Юл, С. Тарон, А. С. Палмер және т. б.);

- Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін кәсіби даярлау контексінде шет тілдік прагматикалық құзыреттіліктің маңызын айқындайтын зерттеулер (мұғалімнің прагматикалық үлгі ретіндегі рөлі: Дж. Вершуерен, А. Хергуйнер, А. Чакыр, Дж. Глазго, Ю. Лю, К. Бардови-Харлиг, Б. Хартфорд, К. Роуз, А. Коэн, Д. Денни, Х. Баштүркмен, Н. Исихара, Т. Сахтлебен, Б. Экин, М. Дамар және т. б.; прагматиканы оқыту мүмкіндігі мен рөлі: Н. Тагути, Л. Плонски, Н. Исихара, К. Глейзер, З. Эслами, З. Эслами-Расех, А. Васкес, М. Тажеддин, С. Ходапараст, Ф. Коркмаз, С. Каратипе және т. б.);

- Шет тілін оқытуда және прагматикалық дамуды қамтамасыз етуде Web 2.0 технологияларының лингводидактикалық әлеуеті мен қолданылуын қарастыратын зерттеулер (Ф.Қ. Атабаева, А.Қ. Мынбаева, Б. А. Жетпісбаева, Г.Б. Саржанова, Г. С. Ақыбаева, А.М. Төлегенова, С. Г. Құрымбаев, В. А. Бурмистрова, А. В. Филатова, П. В. Сысоев, О. Захарова, А. В. Титова, С. Геддес, С. Кумар, У. Марк, П. МакГи, Дж. Блох, Р. Пот, Б. Додж, Н. Пичи, А. Антонио, Д. Таффли, А. Хилл, Л. Джонсон, О. Рейли, Поп, Ванг, А. Васкес, Ли, Деттингер, Май, Хашим, Розен, Гиргин, Джабароглу, Лайт, Полин, Каннингем, Фернисс, Чжан, М. Гонсалес-Льорет, А. Дерахшан, С. Гарсия-Гомес және т. б.) құрайды.

Зерттеу дереккөздеріне білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері (ҚР «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы, ҚР «Ақпараттандыру туралы» Заңы және өзге де стратегиялық құжаттар), болашақ ағылшын тілі мұғалімдерін даярлау мазмұнын реттейтін құжаттар (мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, үлгілік оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары), оқулықтар мен оқу құралдары, сондай-ақ тіларалық прагматика, шет тілдік прагматикалық құзыреттілік, шет тілін оқыту әдістемесі, цифрлық педагогика және Web 2.0 технологияларын шет тілдік білім беру үдерісіне енгізу мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық және психологиялық-педагогикалық зерттеулер жатады.

Зерттеу кезендері.

Бірінші кезең (2021-2022 жж.) зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми әдебиеттерді зерделеуді, оның зерттелу деңгейін айқындауды және зерттеудің ғылыми аппаратын қалыптастыруды қамтыды. Зерттеудің әдіснамалық негіздері мен әдістері анықталды. Шетел тілін оқытудағы прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыру теориясы мен әдістемесіне, прагматиканы оқыту және бағалау мәселелеріне арналған шетелдік еңбектерге талдау жүргізілді, сондай-ақ прагматикалық құзыреттілік саласындағы отандық зерттеулер мен

Web 2.0 технологияларын болашақ шетел тілі мұғалімдерін кәсіби даярлауға интеграциялау мәселелеріне арналған ғылыми еңбектерге шолу жасалды.

Екінші кезең (2022-2023 жж.) эксперименттік зерттеу бағдарламасын әзірлеуді, ұсынылған ғылыми болжамды тексеру мен нақтылауды, сондай-ақ болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделін жобалауды қамтыды. Модельдің тиімділігін тексеру үшін қолданылған дидактикалық материал дайындалып, Nearpod платформасы негізінде «English in Context: Communicating with Pragmatic Awareness» практикалық курсы, оқу-әдістемелік құрал және әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Үшінші кезең (2023-2024 жж.) зерттеудің анықтаушы, қалыптастырушы және бақылау кезеңдерінен тұратын эксперименттік жұмысты қамтыды. Алынған нәтижелер талданды, статистикалық өңдеу (Стьюдент, Вилкоксон, Мак-Немар критерийлері, Лайкерт шкаласы) жасалды. Диссертация рәсімделіп, зерттеу нәтижелері шетел тілі мұғалімдерін даярлау тәжірибесіне енгізілді.

Қойылған міндеттерді жүзеге асыру және зерттеу гипотезасының дәлелдерін ұсыну үшін аралас әдістер әдіснамасы (сандық және сапалық талдау), сондай-ақ келесі **әдістер** кешені қолданылды:

- *теориялық*: ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу және талдау, салыстыру, моделдеу;

- *эмпирикалық*: педагогикалық бақылау, сауалнама, педагогикалық эксперимент;

- *статистикалық*: Стьюдент t-критерийінің статистикалық әдісі (T-test), Вилкоксон критерийі, Мак-Немар критерийі, Лайкерт шкаласы.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығы келесі нәтижелерде көрініс тапқан:

- «Шет тілдік прагматикалық құзыреттілік» авторлық ұғымын нақтылау және оны ғылыми айналымға енгізу, оның мәнін және компоненттік құрамын айқындау;

- болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру үдерісінде Web 2.0 технологияларының лингвистикалық және дидактикалық әлеуетін анықтау және оны теориялық тұрғыдан негіздеу;

- Web 2.0 технологияларын қолдану арқылы шет тілдік прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыру моделін әзірлеу және оны концептуалдық тұрғыдан негіздеу;

- шет тілдік прагматикалық құзыреттіліктің қалыптасу деңгейінің объективті әрі сенімді диагностикасын қамтамасыз ететін ғылыми негізделген бағалау жүйесін әзірлеу.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы төмендегілермен анықталады:

- Шет тілдік прагматикалық құзыреттілікті қалыптастырудың ұсынылған моделі негізінде жасалған *Nearpod платформасында әзірленген “English in Context: Communicating with Pragmatic Awareness” практикалық курсы*. Бұл

курс университеттердегі мұғалімдерді даярлау бағдарламаларында дайын оқу модулі ретінде, мәдениетаралық қарым-қатынас пәндерінде қосымша компонент ретінде, сондай-ақ базалық шетел тілі пәндерінде прагматикалық оқытуды коммуникативтік тәжірибеге кіріктіру үшін тікелей қолдануға мүмкіндік береді.

- *“Interlanguage Pragmatics: Raising Pragmatic Awareness in the EFL Classroom”* электрондық оқу құралы, мұғалімдерді даярлау бағдарламаларында, әдістеме және мәдениетаралық қарым-қатынас пәндерінде дайын оқу модулі ретінде, сондай-ақ шетел тілін оқытудағы практикалық сабақтарда прагматикалық дағдыларды жүйелі түрде енгізу үшін пайдаланылуы мүмкін. Оқу құралы негізгі сөйлеу актілері мен импликауралар бойынша прагматикалық құзыреттілікті кезең-кезеңімен дамытуға арналған құрылымдалған, цифрлық технологияларға негізделген тапсырмалар кешенін ұсынады.

- *Шет тілдік прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыруға арналған әдістемелік ұсынымдар*, мұғалімдер мен болашақ мұғалімдерге нақты әрекет алгоритмдерін, тапсырмалар түрлерін, цифрлық құралдарды кіріктіру стратегияларын және бағалау бойынша нұсқауларды ұсынады. Бұл ұсынымдар мұғалімдерді даярлау бағдарламаларында, біліктілікті арттыру курстарында, мектеп/ЖОО әдістемелік бөлімдерінде, жеке кәсіби даму барысында, сондай-ақ болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби іс-тәжірибесі барысында қолданылуы мүмкін.

- *Әзірленген бағалау құралдарының жиынтығы*, оның ішінде шет тілдік прагматикалық құзыреттілік деңгейін анықтауға арналған құралдар және сөйлеу актілерін түсіну мен жүзеге асыруды бағалауға арналған аналитикалық рубрикалар, базалық ағылшын тілін оқыту тәжірибесінде, шетел тілдерін оқыту әдістемесі және мәдениетаралық қарым-қатынас курстарында, сондай-ақ болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби педагогикалық тәжірибесі кезінде тікелей қолданылуы мүмкін. Оның қолданылуы (соның ішінде Nearpod, Flip/Padlet платформаларында және рөлдік тапсырмаларда) құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін объективті өлшеуді, жүйелі әрі ашық кері байланысты қамтамасыз етеді және оқу нәтижелерін бақылау мен бағалаудың тиімділігін арттырады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

1. Болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін қалыптастырудың *теориялық-әдіснамалық негіздері*:

- Шет тілдік прагматикалық құзыреттіліктің теориялық тұрғыдан негізделіп, тұжырымдалған авторлық анықтамасы оның мәнін мәдениетаралық қарым-қатынас жағдайында әртүрлі шынайы коммуникативтік жағдаяттарда шетел тілін тиімді әрі орынды қолдануды, сондай-ақ оны дұрыс түсінуді қамтамасыз ететін білім, біліктер мен дағдылар жиынтығы ретінде ашады;

- Шет тілдік прагматикалық құзыреттілік болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады және прагматикалық және әлеуметтік-прагматикалық

субқұзыреттерді қамтиды, олар прагматикалық түсіну (*pragmatic comprehension*) және прагматикалық сөйлеу әрекетін жүзеге асыру (*pragmatic production*) аспектілерінде көрініс табады. Оның мазмұны сөйлеу актілерін, прагматикалық маркерлерді және сөйлесімдік импликатураларды қамтиды, бұл болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің әртүрлі коммуникативтік жағдаяттарда тілді орынды қолдану және дұрыс түсіну қабілетін қамтамасыз етеді.

2. Web 2.0 технологияларының анықталған лингвистикалық және дидактикалық әлеуеті жүйелі сипатқа ие, құрылымды және өзара байланысты компоненттер жиынтығы арқылы жүзеге асырылады. Атап айтқанда, лингвистикалық әлеует аутентті тілдік материалдарды пайдалануды, синхронды және асинхронды өзара әрекеттесуді ұйымдастыруды, мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуды, сыпайылық стратегияларын меңгеруді, сөйлеу актілерін жаттықтыруды және сөйлеу әрекетін дамытуды қамтиды; ал дидактикалық әлеует оқытуды икемді ұйымдастыруды, білім алушыға бағдарланған тәсілді жүзеге асыруды, оқу тапсырмаларын әртүрлілігін қамтамасыз етуді, бірлескен оқытуды ұйымдастыруды, оқу үдерісін бақылауды, сондай-ақ кері байланыс пен бағалауды қамтиды. Web 2.0 технологияларының мүмкіндіктерін біртұтас цифрлық білім беру ортасына ықпалдастыру болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін тиімді қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

3. Web 2.0 технологияларын қолдана отырып, болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыру *моделі келесі компоненттерден тұрады:*

- Мақсатты блок халықаралық және мемлекеттік стандарттар негізінде болашақ шетел тілі мұғалімдерін даярлаудың стратегиялық бағдарларын анықтайды;

- Тұжырымдамалық блок тіларалық прагматика (ILP) және цифрлық педагогикаға негізделген теориялық тұғырларды, сондай-ақ ғылыми тәсілдер жиынтығын (құзыреттілікке негізделген, коммуникативтік-когнитивтік, тапсырмаға негізделген оқыту (TBLT), әлеуметтік-лингвомәдени, коннективистік) және оқыту қағидаттарын (жалпыдидактикалық және әдістемелік-технологиялық) қамтиды;

- Мазмұндық блок прагмалингвистикалық және әлеуметтік-прагматикалық компоненттер, прагматикалық бағытталған оқу элементтері (сөйлеу актілері, прагматикалық маркерлер, сөйлесімдік импликатуралар), сондай-ақ авторлық оқу-әдістемелік материалдарды (Nearpod курсы, оқу құралы және әдістемелік ұсынымдар) қамтитын дидактикалық-әдістемелік мазмұн кешенін ұсынады;

- Процессуалдық блок модельдің жүзеге асырылуын педагогикалық шарттар кешені арқылы қамтамасыз етеді (мотивациялық-құндылықтық дайындық, шет тілдік коммуникативтік құзыреттіліктің деңгейі А2-ден төмен болмауы, базалық АКТ құзыреттілігі, аутентті цифрлық білім беру ортасы, әдістемелік тұтастық), оқытуды кезең-кезеңімен ұйымдастыруды (диагностикалық, қалыптастырушы, рефлексивтік-бағалау кезеңдері), сондай-

ақ Web 2.0 технологияларын ықпалдастыруға негізделген аралас оқытуды (blended learning) және тиісті оқыту әдістері мен құралдарын (Nearpod, Padlet, Interactive YouTube, Collaborate Board және т.б.) қолдануды қамтиды;

- Бағалау-нәтижелілік блок Discourse Completion Task (DCT) негізінде авторлық шет тілдік прагматикалық құзыреттілікті бағалау жүйесін қамтиды, ол прагматикалық түсіну мен сөйлеу әрекетін жүзеге асыру деңгейін, сондай-ақ құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін (A2-C1) анықтауға бағытталған.

4. Web 2.0 технологияларын қолдана отырып болашақ ағылшын тілі мұғалімдерінің шет тілдік прагматикалық құзыреттілігін қалыптастыруға арналған әзірленген *модельдің тиімділігін дәлелдейтін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың оң нәтижелері* прагматикалық түсіну мен сөйлеу әрекетін жүзеге асыру деңгейінің артуымен, сондай-ақ әртүрлі әлеуметтік-мәдени жағдаяттарда орынды қарым-қатынас жасау қабілетінің қалыптасуымен сипатталады.

Зерттеудің тәжірибелік-эксперименттік базасы. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Шетел тілдері факультеті.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және енгізу. Диссертациялық жұмыс шеңберіндегі зерттеу нәтижелері автордың 8 жарияланымында, оның ішінде 1 – Scopus базасына кіретін ғылыми басылымдарда, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған басылымдарда – 3, халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында – 4 мақала көрініс тапты. Сонымен қатар «Interlanguage Pragmatics: Raising Pragmatic Awareness in the EFL Classroom» атты электрондық оқу құралы әзірленіп, тіркелді (Авторлық құқық объектілерінің мемлекеттік реестріне енгізілгені туралы 08.01.2024 ж. № 42812 куәлік). Аталған оқу құралы академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде жүргізілген эксперименттік-педагогикалық жұмыс аясында білім беру үдерісіне енгізілді. Шет тілдік прагматикалық құзыреттілікті цифрлық технологияларды пайдалана отырып оқытуға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, тіркелді (Авторлық құқық объектілерінің мемлекеттік реестріне енгізілгені туралы 16.07.2023 ж. № 37257 куәлік). Сонымен бірге, Nearpod платформасында әзірленген «English in Context: Communicating with Pragmatic Awareness» практикалық курсы жасалып, білім беру үдерісіне енгізілді. Бұл курс шет тілдік прагматикалық құзыреттілікті қалыптастыру мен дамытуға арналған тиімді білім беру ресурсы ретінде өз тиімділігін көрсетті.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс 187 беттен тұрады. 366 пайдаланылған әдебиеттерді қамтиды. 20 кестеден және 42 суреттен, 8 қосымшалар санынан тұрады.